

23 маусым
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ШАБЫНДЫҚҚА ОРАҚ ТҮСТІ, ШАМАМЫЗ ҚАНША?

КӨКТЕМНІҢ ЕРТЕ ШЫҒУЫ ХАЛЫҚТЫ ҚУАНТҚАНЫМЕН, ҚАРДЫҢ ТЕЗ КЕТУІ, СӨҮРДІҢ ЖАҢЫРСЫЗ ӨТУІ ШАРУАЛАРДЫ ОЙЛАНДЫРЫП ТАСТАҒАН ЕДІ. АЛАЙДА, МАМЫР-МАУСЫМ АЙЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢЫР КӨКТЕМГІ КҮДІКТІ СЕЙІЛТТІ. «ЖАҢЫР ЖАУСА - ЖЕР ЫРЫСЫ» - ДЕГЕН ОСЫ ЕКЕН. ШӨЛЕЙТ АЙМАҚҚА ЖАТАТЫН БІЗДІҢ ӨНІРДЕ БҰРЫН МАУСЫМНЫҢ ШӨПТІҢ БУЫНЫ ҚАТЫП, ДАЛА САРҒАЙЫП КЕТЕТІН. БИЫЛ ОЛАЙ ЕМЕС. ӨЛІ КӨК МАЙСА БОЛЫП ТҰР. ОРАҚТАРЫН САЙЛАҒАН ШАРУАЛАР АЛАҚАНДАРЫН ЫСҚЫЛАП ОТЫР.



Өйткені, алдағы қысқа түсетін барлық мал санына орай жобамен ауданға 138057 тонна ірі сабақты мал азығы керек. Бұл санды ғылыми негізде-мелерге сүйеніп, сөйлететін болсақ, мәселен бір бас ірі қараға мал қыстату маусымына 18 центнер шөп керек. Ал, ауданда 41130 мүйізді ірі қара

қысқа түсуі мүмкін. Демек, қолдағы ірі қараның өзін қыстан алып шығу үшін 74034 тонна шөп керек екен. Ал, 131885 қой-ешкіні қыстан шығаруға 47479 тонна шөп қажет. Мұның сыртында ауданда соңғы жылдары өсімі елеулі қарқын алған 23200 бас жылқы бар. Ол жылқылардың қыстан қы-

сылмай шығуы үшін 16240 тонна ірі сабақты азық керек. Шаруашылықтарды айтпағанда, ауданда мал азығы керек 2670 аула бар. Соңғы жылдары мал азығының сапасына аса мән берген шаруалар суармалы алқапқа да дән қойып отыр. Мәселен, Көптоғай ауылдық округінен

«Досым» шаруа қожалығы 200 га, «Шеркеш» шаруа қожалығы 150 га жерге, Қараой ауылдық округінен «Кете» шаруа қожалығы 300 га, «Барыс» шаруа қожалығы 250 га жерге, Ойыл ауылдық округінен «Көптілеу» шаруа қожалығы 10 га жерге және жеке кәсіпкер Нұрлан Маханов 10 га жерге судан шөбін екті. «Көптілеу» шаруа қожалығы сонымен қатар 10 га жерге сорго шөбін егіп, өнімін күтіп отыр. Жалпы ауданда 422 трактор болса, оның 156-сы жаңа техникалар. Қолда бар техниканың 80 пайызы техникалық байқаудан өткізіліп, маусымдық жұмысқа дайын тұр. Мал азығын дайындау жұмысына аудан бойынша 137 техника қатысады деп жоспарланып отыр. Оның ішінде 20 трактор, 35 тіркеме, 30 шөп шабу, 29 тырма, 23 шөп бу агрегаты бар. Ал, мал азығын тұрғындарға тасымалдау үшін арнаулы автокөліктері бар кәсіпкерлермен келісім-шарттар жасалып жатыр. Бүгінгі күні қырлыққа орақ түсті. Бес бригада жұмысын бастады.

С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІҢ ИНТЕРАКТИВТІ КАРТАСЫ – ӘРБІР АЗАМАТ ҮШІН ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР КЕПІЛІ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ӨЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ – МҮГЕДЕКТІГІ БАР АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНЕ ТОЛЫҚҚАНДЫ ҚАТЫСУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ. БҰЛ МІНДЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БІРІ – ӨЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК КАРТАСЫ.



Қолжетімді орта құру – бұл тек заң талаптарын орындау ғана емес. Бұл – әрбір азаматтың қадір-қасиетін құрметтеу, оның білім алуға, денсаулық сақтау қызметтерін пайдалануға, мәдени және қоғамдық өмірге қатысуға деген конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету. Осы мақсатта елімізде өлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігі туралы мәліметтерді қамтитын интерактивті Қолжетімділік картасы жұмыс істейді. Аталған ресурс азаматтарға қажетті нысан туралы ақпаратты алдын ала алып, оның қолжетімділік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Картада білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау мекемелері, мәдениет және спорт нысандары, мемлекеттік органдар, халыққа қызмет көрсету орталықтары және өзге де өлеуметтік маңызы бар объектілер туралы мәліметтер орналастырылған. Пайдаланушылар нысанда пандустардың, арнайы санитариялық тораптардың, тактильді бағыт-

тағыштардың, бейімделген кіреберістердің және басқа да қолжетімділік элементтерінің бар-жоғы жөнінде ақпарат ала алады. Интерактивті картаның тағы бір маңызды артықшылығы – оның ашықтық пен қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуінде. Азаматтар қолжетімділік мәселелеріне қатысты ақпарат алып қана қоймай, нақты жағдайды бағалауға және тиісті ұсыныстар беруге мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде қолжетімді орта құру жұмыстарының сапасын арттыруға ықпал етеді. Халықты өлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Департаменті өз құзыреті шеңберінде мүгедектігі бар адамдар үшін объектілердің қолжетімділігіне қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері көрсеткендей, бірқатар нысандарда қолжетімділік талаптарының сақталмау фактілері әлі де кездеседі. Мұндай жағдай-

ларда заңнамаға сәйкес тиісті ықпал ету шаралары қабылданып, анықталған кемшіліктерді жою бойынша міндетті нұсқамалар беріледі. Сонымен қатар соңғы жылдары қолжетімділік мәселесіне деген жауапкершіліктің артып келе жатқанын атап өткен жөн. Көптеген ұйымдар мен мекемелер өз бастамаларымен ғимараттарын бейімдеп, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қолайлы жағдай жасауға ұмтылуда. Бұл қоғамымыздағы өлеуметтік жауапкершілік мәдениетінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Бүгінде қолжетімді орта тек мүгедектігі бар адамдарға ғана емес, қарттарға, уақытша қозғалу мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, жүкті әйелдерге және кішкентай балалары бар ата-аналарға да қажет. Сондықтан қолжетімділік мәселесі бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылады. Біздің мақсатымыз – әрбір азаматтың кедергісіз қозғалуына, қажетті қызметтерді алуына және қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік беретін орта қалыптастыру. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады. Қолжетімді қоғам – әділетті қоғам. Ал әділетті қоғам әрбір адамның мүмкіндігін шектемей, оның өлеуетін толық жүзеге асыруына жағдай жасаудан басталады.

Ғалым ТҰРСЫНБАЕВ,
Халықты өлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы.

ЙОГАМЕН ҮНДЕСКЕН ӨІР ҚҰН

Ойыл аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ұйымдастыруымен қатысушыларға арналған «Дене. Сана. Жан» тақырыбында йога сабағы өткізілді. Арнайы шақыртумен келген халықаралық деңгейдегі сертифицирталған йога-тренер Шамшырақ Садуақасқызы қатысушылармен кездесіп, йоганың адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы жан-жақты мәлімет берді. Сабақ барысында дұрыс тыныс алу техникасы, медитация және түрлі йога жаттығулары көрсетіліп, тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Тренер қатысушыларға денсаулықты нығайту, күйзелістен арылу және өмір саласын жақсарту жолдары жөнінде пайдалы кеңестерімен бөлісті. Шамшырақ Садуақасқызының айтуынша, йога жаттығулары адамның физикалық қана емес, рухани саулығын да нығайтады. Ол көңіл-күйді жақсартып, ағзадағы эндорфиндердің бөлінуіне ықпал етеді, жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін төмендетуге және қан айналымын жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ дене салмағын қалыпты деңгейде ұстап, икемділік пен сергектікті арттырады. Іс-шараға қатысушылар йога жаттығуларына белсенді қатысып, өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Танымдық әрі тәжірибелік маңызы зор кездесу соңында қатысушылар ұйымдастырушылар мен тренерге алғыстарын білдіріп, мұндай пайдалы шаралардың алдағы уақытта да жалғасуына тілектестіктерін жеткізді.

Өз тілшіміз.

ҚОБДАДАҒЫ БАСҚОСУ АРХИВ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУҒА ЖОЛ АШТЫ

17 маусым күні Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшылығымен Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен Қобда ауданының орталығында Қобда және Ойыл аудандарының жергілікті атқарушы органдарының өкілдері мен мемлекеттік архивтердің басшылары мен мамандарына арналған «Архив ісі және құжаттама саласын жетілдірудің өзекті бағыттары» тақырыбындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті. Семинарға Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының маманы архив істері және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы А.Баймбетова, Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің директоры М.Түлебай және Қобда және Ойыл аудандарының жергілікті атқарушы органдарының өкілдері мен мемлекеттік архивтерінің мамандары қатысты. Семинар барысында қатысушыларға архив ісі және құжаттама саласындағы заңнаманың, нормативтік құқықтық актілердің талаптары мен нормалары түсіндіріліп, оларды практикалық қызметте тиімді қолданулы туралы айтылып, құжаттар-

дың сақталуын қамтамасыз ету, сараптау-тексеру комиссияларының қызметін жетілдіру, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың іс жүргізу қызметтері мен архив мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, архив құжаттарын цифрландыру, есепке алу және пайдалану, заманауи ақпараттық технологияларды енгізу тәжірибелері қарастырылды. Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің ҰАҚ толықтыру бөлімінің басшысы А.М.Бабасова «Құжаттардың құндылығын сараптау» және архивист Ә.О.Дайынова «Істер номенклатурасын құрастыру тәртібі» тақырыптарында баяндамалар оқып, қызмет барысында туындайтын өзекті мәселелері мен ведомстволық архивтердің қызмет аясында кездесетін жобаларды іске асыру, жетілдіру бағыттарын талқылап, тәжірибелерімен бөлісіп, сұрақтарына қажетті жауаптарын алды. Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің директоры М.Төлебай семинарға қатысушылар мен Қобда ауданы өкімдігіне алғысын білдірді. Сонымен қатар, семинарға қатысушылар Қобда аудандық архивінің жұмысымен таны-

АЙЗЕРЕ МЕН МАДИЯР – ЧЕМПИОНАТ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ



2 - 7 маусым аралығында Петропавл қаласында 2015 жыл және одан кіші жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында үстел теннисінен Қазақстан Республикасының чемпионы жоғары деңгейде өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 200-ден астам жас спортшы өзара бақ сынаған тартысты додада Ақтөбе облысының құрама командасы сапында өнер көрсеткен Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері Айзере Аманбекқызы мен Мадияр Орал ел намысын абыроймен қорғап, жоғары нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, командалық есепте Айзере Аманбекқызы чемпион атанып, алтын жүлдені иеленсе, Мадияр Орал қола медальға қол жеткізіп, Ақтөбе облысы спорты үшін

тарихи жетістікке жол ашты. Бұл - ауданымызда үстел теннисі спортының қарқынды дамып келе жатқанын айқын көрсететін маңызды нәтиже. Жас спортшылардың бұл табысы - тынымсыз еңбектің, жаттықтырушы еңбегінің және ата-аналардың қолдауының жемісі. Жаттықтырушы Қанат Нұрланұлының шәкірттері осылайша үлкен додада өз шеберліктерін дәлелдей білді. Сонымен қатар, аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің басшылығы чемпионат жүлдегерлерін арнайы қабылдап, құрмет көрсетті. Мектеп директоры Тимур Сансызбайұлы жас спортшыларға алдағы жарыстарда да толағай табыс тілеп, олардың болашағына сенім білдіріп, сый-сияпатын табыстады.



ҚАТЕ СЕНИМ - ЗИЯН

БҮГІНДЕ ӨЛЕМДІ АЛАҢДАТҚАН ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ МӘСЕЛЕСІ – БІЗДІҢ ҚОҒАМ ҮШІН ДЕ ӨЗЕКТІ ӨРІ КҮРДЕЛІ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРІ. КӨПҰЛТТЫ, КӨПКОНФЕССИОНЫ ЕЛІМІЗДІҢ БІРЛІГІ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН БҰЗҒЫСЫ КЕЛЕТІН ТЕРІС ПИҒЫЛДЫ ТОПТАРДЫҢ ӨРЕКЕТІ, ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ДІН АТЫН ЖАМЫЛУ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТҚАНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС.



Мұндай ағымдар қоғамдағы бейбіт өмірді бұзып қана қоймай, адамдардың санасын улап, жастарды адастыруға тырысады. Қате сенім – ең алдымен адам санасын бұзатын, дұрыс бағыттан тайдыратын қауіпті құбылыс. Дінді үстірт түсіну, оны өз мүддесіне бұрмалау – адасудың бастауы. Ислам діні – адамзатты бейбітшілікке, мейірімділікке, әділдікке үндейтін кемел дін. Ол жазықсыз жанның өміріне қол сұғуға, ар-намысына тиіскеуге, қоғам тыныштығын бұзуға қатаң тыйым салады. Сондықтан дінді желеу етіп, зорлық-зомбылыққа шақыру – Исламның шынайы болмысына мүлде қайшы. Өкінішке қарай, кейбір азаматтар діни сауаттың әлсіздігінен, терең білімнің жоқтығынан түрлі дін-бұзар ағымдардың жетегіне еріп, қоғамға зиян келтіретін әрекеттерге барып жатады. Олар өздерін ғана «дұрыс жолдамыз» деп санап, өзгелерді «кәпір» деп айыптауға дейін барады. Алайда шариғатта біреуді күпірлікте айыптау (тақфир жасау) – өте ауыр мәселе әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін үкім. Бұл – кез келген адамның аузына келген сөз емес, тек терең білім иелерінің қарауына жататын күрделі мәселе. Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы ұстанған дәстүрлі ислам түсінігі – сабыр мен парасатқа, бірлік пен татулыққа негізделген жол. Кеңестік кезеңнен кейін дінге қайта бет бұрған халқымызды «кәпір» деп айыптау – надандықтың белгісі әрі қоғам тұтастығына қауіп төндіретін әрекет. Мұндай көзқарас – қате сенімнің айқын көрінісі. Күпірлікте айыптау – адамның сөзіне емес, шариғатқа негізделеді. Бұл құқық Алла мен Оның Елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ғана тән. Имам Ибн Абидин (Алла оған разы болсын): «Күпірлік – қауіпті нәрсе! Егер мен мүминнің күпірлікке түспейтініне бір ғана ақтау тапсам, оны күпірлікте айыптамас едім», – деген. Қатардағы қарапайым адамның біреуді күпірлікте айыптауы үлкен күнә болып табылады.

Сонымен қатар, сол айыптауы орынсыз болса өзіне орала-тындығы жайында сүйікті пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде ескерткен. Ибн Омардан (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте Алланың Елшісі: «Егер қандайда бір адам бауырына: «Ей, кәпір!» десе, бұл олардың біреуіне қайта оралады».

Қате сенімнің зияны – тек жеке адаммен шектелмейді. Ол отбасының берекесін кетіреді, қоғамның тыныштығын бұзады, елдің бірлігіне сызат түсіреді. Сондықтан әрбір мұсылман дінді дұрыс түсінуге, сенімді білім көздерінен үйренуге, күмәнді ағымдардан аулақ болуға міндетті. Қате сенім – адамды ғана емес, тұтас қоғамды тығырыққа тірейтін қауіпті індет. Ал дұрыс сенім – адамды кемелдікке жеткізіп, елдің бірлігі мен тыныштығын нығайтатын рухани тірек. Ен-

деше, әрқайсымыз дінімізді дұрыс түсініп, бірлік пен татулықты сақтауға үлес қосайық. Мұсылман баласы тырнақ астынан кір іздеп, басқаларды күпірлікте айыптаумен айналыспайды. Керсінше өзінің бойындағы кемшіліктермен күреске түседі.

Қате сенім – қоғамға ғана емес, бүкіл адамзатқа үлкен қауіп төндіретін күрделі құбылыс. Ол адамды ақиқат жолдан тайдырып, зорлық-зомбылыққа, алауыздыққа, жанжалға итермелейтін шектен шыққан әрі бітпес көзқарастармен сипатталады. Мұндай теріс түсініктер жеке адамның санасын улап қана қоймай, қоғамның тұрақтылығына да сызат түсіреді. Қазіргі заманда экстремизм мен радикализм түрлі формада көрініс табуда. Соның ішінде ең қауіптісі – діни радикализм мен діни экстремизм. Өйткені олар дінің атын жамылып, оның асыл құндылықтарын бұрмалап кәпірлікке айыптауға дейін барады. Ал шын мәнінде Ислам діні – бейбітшілікті, мейірімділікті, адам өмірін құрметтеуді насихаттайтын кемел дін. Ол әділетсіздікке, қиянатқа, бүлікке қатаң қарсы тұрады. Асыл дініміздің шынайы ұстанымдары кез келген радикалды және экстремистік идеологияларға мүлде қайшы. Сондықтан мұсылман адам бейбітшілік, адамгершілік, татулық және қоғамдық келісім сияқты құндылықтарды берік ұстанып, күмәнді әрі қауіпті идеяларға ермеуі тиіс. Бұл үшін діни сауатты арттырып, әрбір ақпаратқа сыни көзқараспен қарап, дұрыс пен бұрысты ажырата білу аса маңызды. Осы тұрғыда қате сенімнің торына түсіп қалмау үшін ҚМДБ төмендегі кеңестерді ұсынады:

1. Дінізді таныңыз
Исламның тарихы мен сенімді дұрыс дереккөздерден үйреніңіз. Исламды және оның миссиясын дұрыс түсіну үшін ғалымдар мен имам-ұстаздарға жүгініңіз.

2. Ақпаратты сыни тұрғыдан бағалаңыз
Қазіргі уақытта ақпаратқа ғаламтор мен әлеуметтік желілер арқылы оңай қол жеткізуге болады. Дегенмен, абай болып, алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалаңыз. Дереккөздің сенімді екеніне және оның Исламның шынайы ілімдеріне сүйенетініне көз жеткізіңіз.

3. Сыни тұрғыдан ойлай біліңіз
Асығыс қорытынды жасамас бұрын немесе күмән келтіретін ақпаратты қабылдамас бұрын оны дұрыс талдап, түсінуді үйреніңіз. Радикализм мен экстремизм көбінесе діни мәтіндерді бұрмалап түсіндіруге негізделгенін есте сақтаңыз.

4. Ата-анаңыз және туған-туыстармен қарым-қатынасты үзбейіңіз
Радикалды және деструктивті бағыттар ең бірінші отбасылық құндылықтарды жоюға тырысады. Сондықтан ата-анаңыз бен жақын туыстарыңызбен ақылдасуды және кеңесудің маңыздылығын ұмытпаңыз.

5. Зорлық-зомбылықтан бас тартыңыз

Ислам бейбітшілікке, төзімділікке, мейірімділікке шақырады. Кез келген мақсаттарға жету құралы ретінде зорлық-зомбылық пен экстремизмді қабылдамаңыз. Мәселелерді шешу және оларға өз әсер ету үшін бейбіт және сындарлы құралдарды қолданыңыз.

6. Қоғамдық байланыстарды күшейтіңіз
Қоғаммен тығыз араласып, белсенді болыңыз. Имамдармен және сауатты мұсылман-дармен байланыс орнатыңыз. Қате сенімнен сақтанудың бір жолы дұрыс орта таңдау, сауатты адамдармен араласу және қоғаммен тығыз байланыста болу.

7. Білім алуға көңіл бөліңіз
Үнемі білімге ұмтылыңыз. Білім – радикализм мен экстремизмге қарсы күрестің қуатты құралы. Ислам діні мен мәдениетін жақсырақ түсіну үшін ислам тарихына, философиясына және этикасына тереңрек үңіліңіз. Үнемі рухани және интеллектуалдық өсуді сақтаңыз. Діни мәселелерде сенімді ұстазға жүгініңіз – қате сенім көбіне білімсіздік пен күмәнді дереккөздерге сенуден пайда болады. Сондықтан қандай да бір сұрақ туындаса, имам-ұстаздарға барып, дұрыс әрі дәстүрлі ілімге негізделген жауап алыңыз. Бұл сізді адасудан сақтап, қате түсініктердің алдын алады және сіз өз сенімнің берік болып, қате сенімнің әсеріне төтеп бере аласыз.

8. Бейбітшілік пен толеранттылықты ұстаныңыз
Қате сенім көбіне қатігездікке, өзгелерді жек көруге және қоғамды бөлшектеуге алып келеді. Сондықтан әрбір мұсылман өзге пікірдегі адамдарға құрметпен қарап, сабыр мен түсіністік танытуы тиіс. Бейбітшілік пен татулықты сақтау – дұрыс сенімнің белгісі, ал алауыздық пен өшпенділікке жол беру – қате сенімнің көрінісі. Қорытындылай келе қате сенім – адамды ақиқаттан алыстатып қана қоймай, оның өміріне, отбасына және тұтас қоғамға зиян келтіретін қауіпті құбылыс. Ол бейбітшілік пен бірлікті бұзып, алауыздық пен өшпенділікке жол ашады. Әсіресе дін атын жамылған теріс ағымдар адамның санасын улап, шынайы Исламның құндылықтарын бұрмалап көрсетеді.

Ал Ислам – мейірім мен әділдікке, татулық пен келісімге үндейтін дін. Сондықтан әрбір мұсылман қате сенімнен сақтанып, дінді дұрыс түсінуге, сенімді дереккөздерден білім алуға, ҚМДБ тарапынан бекіткен имам-ұстаздардың кеңесіне жүгінуге тиіс. Сонымен қатар, қоғаммен тығыз байланыста болып, бейбітшілік пен толеранттылықты басты құндылық ретінде ұстану – адасудан сақтайтын маңызды қадамдардың бірі. Қате сенім – зиян, ал дұрыс сенім – игілік. Ендеше, әрқайсымыз саналы түрде дұрыс жолды тандап, ел тыныштығы мен бірлігін сақтауға өз үлесімізді қосайық.

Бақжарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ, Ойыл ауданының бас имамы.

ТӘДІМ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ: ҮЙДЕГІ ТӘРБИЕГЕ ТҮЗДЕГІ ӘКЕҢІҢ ҮЛЕСІ БАР МА?

МАУСЫМ АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ ЕЛІМІЗДЕ ӨКЕЛЕР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ. МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ТҮРЛІ МӨДЕНИ-СПОРТТЫҚ ШАРАЛАР, ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН ДӘСТҮР БАР. ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚА ӨКЕЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ МАҢЫЗЫН ҰҒЫНДЫРАТЫН ЖИЫН ҚАТАРЫ ДА КӨБЕЙДІ.

Осы орайда Kazinform агенттігінің аналитикалық шолушысы отбасыдағы әкенің сипатына үңіліп, қоғамның бүгінгі көзқарасын талдады.

Өкелер күні не үшін көрек?
Қазір бала тәрбиесі қоғамдағы ең өзекті әлеуметтік тақырыптың біріне айналып отыр. Ажырасу деңгейі, ата-аналардың жұмысбастылығы, материалдық жағдай ахуалды одан әрі қиындатқан. Мысалы, жылына орта есеппен 150 мың неке қиылады десек, ажырасу деңгейі 60 пайызға жетеді. Салдарынан балалар әкесінің немесе анасының тәрбиесін толық ала алмай өсіп келеді. Тіпті ата-аналардың кейбірі таңнан кешке дейін нәпақа табамын деп перзентінің тәрбиесінен қалыс қалған жайт көп. Сол себепті мемлекет 2023 жылы өкелер күнін белгілеу арқылы бала тәрбиесін ілгерілетуге қадам жасады.

«Өкелер одағы» қауымдастығының төрағасы Мақсұтбек Айтмағанбеттің айтуынша, өкелер күнін атап өту отбасындағы жауапкершілікті арттырады.

– Мектептегі ата-аналар жиналысына өкелері келмейді, анасы барады. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас сәтіндейді. Өкініштісі, ерадамдар отбасындағы бала тәрбиесін әйелінің жауапкершілігіне жүктеп қойған. Отбасының аманаты ерлі-зайыптыға теңдей бөлінген. Бала тәрбиелеу ісіндегі жауапкершілікті де тең арқалауға тиістіміз. Әке институтын қалыптастырып, нығайтамыз десек, отағасы өзінің жауапкершілігін терең сезініп, ауыртпалықты арқалай білуі керек, – дейді қауымдастық төрағасы.

Мақсұтбек Айтмағанбет өкелердің жауапкершілігі қоғамдық санаға тәуелді деп санайды. Ал қоғамдық сананы өзгерту үшін кешенді идеологиялық-құқықтық әрекет қажет. Осы мақсатта білік ата-ана жауапкершілігі, алимент төлеу тәртібі, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шараларды заң жүзінде бекітті. Соның ішінде жаңа Ата заңда отбасы және неке мәселесінің конституциялық деңгейге шығарылуы – осы бағыттағы маңызды қадамның бірі.

Қоғам пікірі
Нәтиже әзірден байқалады. Кейінгі жылдары өкелердің жауапкершілігі, отбасы құндылығына қатысты көзқарасы біршама өзгерген. Осы аптада Қазақстандық қоғамдық даму институты әлеуметтік сауалнаманың қорытындысын жариялаған болатын. Зерттеуге сүйенсек, елдегі өкелердің 88,7%-ы ата-ана болуды өзінің басты басымдығы деп санаса, 57,2%-ы өміріндегі ең маңызды құндылық ретінде атапты. Ер азаматтардың «отбасы» ұғымы турасындағы түсінігі де кемелдене түскендей. Сауалнамаға қатысқандардың 44,5%-ы отбасының басты мәні ұрпақ жалғастыру деп есептейтінін көруге болады. Сонымен қатар ерлердің 41,5%-ы отбасыны бақыт пен махаббаттың қайнары ретінде бағаласа, 37,3%-ы оны өмірдің мәнімен байланыстырыпты.

Жалпы кейінгі деректерден ер азаматтардың отбасы құру мәселесіне жауапкершілікпен қарайтынын аңғару қиын емес. Мәселен, ерлердің 67,2%-ы баланы алдын ала жоспарлауды құл көреді. Яғни ерлер арасында саналы ата-ана болу мәдениеті қалыптасуда. Өкелердің бала тәрбиесіне араласуға кедергі келтіретін фактор бірі - жұмысбастылық. Қазақстандық ерлердің 60,4%-ы осы себепке байланысты отбасына жеткілікті уақыт бөле алмайтынын ашық мой-



ындап отыр.

Отбасы психологі Ержан Мырзабаев өкелер күнін мерекелеу осы ата-ана болу мәдениетін дамытады деген пікірде.

– Өкелер күнін мерекелеу арқылы біз қоғамда әке рөлін дәріптейміз, өкенің жауапкершілігін арттырамыз. Әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында ер азаматтарға, өкелерге байланысты көптеген жағымсыз жаңалықтар жиі жарияланады. Соған қарсы қоғамға пайда-сын тигізіп жүрген, отбасына жауапкершілікпен қарайтын, әкелік міндетін ең жоғары деңгейде атқарып жатқан өкелер де бар екенін көрсету, дәріптеу өте маңызды, – дейді психолог.

Кейінгі уақытта балаға ерекше көңіл бөлетін өкелердің қатары артқаны рас. Көше немесе қоғамдық орынға бара қалсаңыз, балаларымен серуендеп жүрген, бала арбасын сүйреп жүрген өкелерді жиі көреміз. Әлеуметтанушылар мұндай жағымды үрдіс өкелердің қоғамдағы рөліне ғана емес, баланың болашағына да әсер етеді деген ұстанымда. Өйткені үнемі өкесінің назарында өскен бала жаңаның қадірін түсініп, ер адамның жауапкершілігін ерте ұғынады.

Өкелер де бала күтіміне көмектеседі
Бұрын бала тәрбиесіндегі негізгі жауапкершілік көбіне анаға жүктеліп, өкенің рөлі отбасының материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен шектелетін. Бүгінде бұл түсінік өзгеріп келеді. Қазіргі өкелер балаларымен көбірек уақыт өткізіп, олардың тәрбиесі мен дамуына белсенді араласуда. Оған қоса жұбайының орнына декреттік демалысқа шығатын ерлердің де қатары артып келеді.

Заң ғылымдарының кандидаты, ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жетекші ғылыми қызметкері Дидар Тебаев – декреттік демалысқа шыққан өкелердің бірі. Ол зайыбымен бірге екі бала тәрбиелеп отыр. Қызы мектепте оқиды, ал ұлы – бір жарым жаста.

– Отбасы – шағын мемлекет. Мұнда бір-біріңді қолдап, Жұбайыма көмектесу үшін декреттік демалысқа шықтың. Алғашында қиын болғанымен, уақыт өте беріне үйрендім. Біз болашақ елдің азаматын тәрбиелеп отырмыз. Сондықтан мұнда ұялатын ештеңе жоқ. Алдағы уақытта қоғамда мұндай қадамға баратын өкелер көбейеді деп сенемін. Бұл – заман талабы, – дейді Дидар Тебаев.

Оның айтуынша, өкенің рөлі отбасын материалдық қамтамасыз етумен шектелмейді керек. Әсіресе баланың алғашқы жылдарында ата-ананың қамқорлығы мен назары ерекше маңызды.

– Қазір балалар гаджетке тәуелді болып барады. Сондықтан баламен көбірек уақыт өткізуге, бірге ойнауға, түрлі дамыту шараларына қатыстыруға тырысамын. Декреттік демалыс маған көп нәрсені үйретті. Ең бастысы

– өкенің бала өміріндегі орнын терең түсіндім. Қазір ажырасу көбейіп барады. Ал отбасы сенімнің, қорғаныштың және түсіністіктің ордасы болуы тиіс, – дейді ол.

Дидар Тебаев отбасы құндылықтарын нығайту мемлекеттік саясатта да маңызды орын алатынын атап өтті. Оның пікірінше, жаңа Конституцияда отбасы мен бала құқықтарын қорғауға қатысты нормалардың күшейтілуі соның айқын дәлелі.

Бір мысал, бірнеше ай бұрын Сенат Еңбек кодексіне енетін біршама өзгерісті мақұлдады. Соның арасында зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде жұмыс істемейтін өкенің балаға күтім жасаған уақытын еңбек өтіліне есептеу ұсынысы қолдау тапты.

Мемлекеттік саясат
Қазір мемлекеттің отбасылық және гендерлік саясатында оң өзгеріс орын алып жатқанын айта кету маңызды. Әсіресе өке рөлін күшейту арқылы бала тәрбиесі мен отбасы құндылықтарын нығайту ісі жанданып келеді.

Мысалы, 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында өке институтын дамытуға басымдық берілген. Осы мақсатта жыл сайын 7 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, оған 600 мыңнан астам адам қатысады деген жоспар бар. Бұл Үкімет ер азаматтардың, әсіресе өкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін жандандыруға ниетті екенінің белгісі.

Оған қоса мектептерде 500-ден астам «Өкелер кеңесі» жұмыс істейді, ал балабақшалар жанынан өкелер клубтары құрылған. Бұл құрылымдар өкелердің бала тәрбиесіне араласуына жол ашып, отбасы мен білім беру ұйымдары арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етіп отыр. Аз уақыттың ішінде мұндай ба-стамалар ата-аналардың жауапкершілік мәдениетін қалыптастырудың маңызды тетігіне айналып үлгерді.

Үкіметтік емес ұйымдар да осы мақсатта орасан жұмыс атқарып отырғанын айта кетуіміз керек. Жоғарыда атаған «Өкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі өкелер күнін енгізуге мұрындық болған ұйымның қатарында. Жетекші ұйым қоғамдағы өке рөлін нығайтуды жалғастырып келеді. Қоғамдық бірлестіктің «Аламан» өкелер футбол лигасы, «Өкелер апталығы», «Ерекше балалардың ерекше өкелері», «Жалғызбасты өкелерді қолдау» жобалары сәтті нәтиже көрсетіп келеді. Бұған қоса ұйымның «Саналы өке» тренингтері, «Бала Толағай» жарыстары және зорлық-зомбылыққа қарсы Орталық Азия семинарына қатысушы өкелер көбейген.

Қорыта айтсақ, қазақстандық өкелер бала тәрбиесіне белсенді араласып, отбасылық құндылықты сақтауға, ұрпақ тәрбиесін дәріптеуге үлес қосып отыр. Бұл үрдіс қоғамның дамуына, өскелең ұрпақтың жан-жақты қалыптасуына оң әсер ететіні анық.

Ерсін ШАМШАДИН
kazinform.kz

ЖАҚСЫБЕК ШАҢЫШҚЫЛЫ.

ҚОШ, БОЛМЫС!

әңгіме

Қаланың қақ ортасында, зәулім гимараттардың көлеңкесінде «Мпелос» деп аталатын шағын кеңсе пайда болды. Ол туралы еш жерде жарнама шықпаған, теледидардан да айтылмаған. Асқар бүгін тағы да коллекторлық ұйымның қоңырауынан самарқау оянды. Түсінде көретін Астана төрінде қол ұстасын жүрген аруынан тағы да көз жазып, кірпігің әрең ашты.

- Тыңдап тұрмын!
- Қайырлы күн, Асқар Таубайұлы! Бұл «Жаңа өмір» коллектор ұйымынан сізге хабарласып тұрмыз - Ой, білем! Кеше ғана айттым ғой, қазір ақшам жоқ, болғанда қайтарам деп!
- Сіз, мені дұрыс түсінбедіңіз! Мен сізге ұсыныспен қоңырау соғып тұрмын. Мәңгілік көшесінде тұрған «Мпелос» орталығы жайлы естуіңіз бар ме еді?!

- Қасынан бір-екі рет өткенім болмаса, былайша...
- Олай болса, мұқият тыңдауыңызды өтінемін. Сіздің жағдайыңызды білгендіктен ұсыныспен хабарласып тұрмын. Бізден алған қарызды оңай қайтаруды көзденсіңіз, сол орталыққа барып, өзіңізге керек емес кез-келген естелігіңізді сатуыңызға болады.

- Сіздер не?! – деп, қаны басына шаба бастағанда ұйым өкілі тұтқаны қоя салды. Бос тоңазытқышта жалғыз қалған жұмыртқаны табада қуырып жатып, «Қызық екен ә?! Бәлкім, шынымен естеліктерімді сатып, жағдайымды жасап алмаймын ба?» – деп ойлаған сол еді. Есіктен шыққан тарсыл бүкіл пәтерді ғана емес, тұтас үйді басына көтеріп жібергендей.

- Асқар, сволошь! Аш есікті, ашпасаң қазір полиция шақырамын! Сотқа беремін! Аш, давай! – деген дауысты естіп, демін ішке жұтып, қозғалысыз отыра қалды. Есіктің арғы жағынан пәтер иесінің дауысы үзілер емес. Жарты сағаттай уақыт өтті. - Егер, ертең пәтеракыны бермесен, тоңо полиция шақыртам! Сосын пеняй на себья! – деп, құлпытң тесігінен айғайлап кетті. Таңғы оразасын негативпен қосып ашып алды да «Не болса да, барып көрейін, не көп пайдасыз естелік көп» - деп, киімін кие бастады.

Асқар естеліктер орталығы есігінің тұтқасын ұстағанда қолы әдеттегідей дірілдеген жоқ. Дүние асты-үстіне төңкеріліп жатқандай болса да, селт етпеді. Тек құлақ түбіндегі «Қайда?», «Қашан?» деген сұрақтардың сап тылғаның қалады. Ол тек тыныштық іздеді.

- Келісімшартпен танысып болсаңыз, анкета толтырып, үйіңіздің кілтін бізге табыстауды сұраймыз. Себебі, операциядан соң, қалын ұйқыда боласыз. Сізді біздің мамандар үйіңізге алып барады. Кейін, қай естелігіңізді лотқа қоямыз? – деді ақ халатты қыз, жылтыры қашқан көзін монитордан алмай. Оның жүзі – өлі цифрлар ғана жылтыраған суық экран секілді.

- Лот дегенде, қандай естеліктер жақсы өтеді. Қарыздарыңмен басымызды ашымынан көбейіп кетті, – деді анкета толтырып жатып. - Естеліктер, кітаптар сияқты ғой. Жауапсыз махаббат, мотивация, психология, триллер деген сияқты.

- Балалық әңгімелер ше?
- Олар бірден өтпейді. Оларды өткізу үшін, алдымен сіздің өміріңізге қызығушылықты арттыру керек, – деді ақ халатты қыз бетіне қан да жүгірмей. Асқар ұзақ ойланған жоқ. Оның жүрегіңдегі ең үлкен жара болып қалған, күнде ойыннан шықпайтын аруды соңғы рет есіне алды да:

- Қыста Астананың желі суық болса да, жаныма жылу сыйлаған естелігім бар. Қазір, ол естелік жанымды қинамаса, жылытып жүрген жоқ. Мен... мен тым ақымақ болдым. Менмендігім мен қорқақтығымның кесірінен оны жіберіп алдым. Содан бері бес жүз өтті, бірақ мен әлі күнге дейін екеуміз бір-бірімізге қош айтқан күнге қарғыс айтып келемін. Осы естелік мені ішімнен кеміріп бітті.

Сол естелікті тауып, лотқа қойсаңыз. Қыз басын ізеді. Ол үшін бұл – кезекті «өнім» ғана.
- Естелігіңізді лотқа қоюға дайын. Қазір, лот өткен сәттен бастап, сіз ол естелікті мүлде ұмытасыз. Ол естелік сізге тиесілі болудан қалады. Келіссіз бе?!
- Бастапқы бағасы қанша?
- Бағасы – бес жүз мың теңге.
- Ал, максималды бағасы қанша болады?
- Осы күнге дейін, екі миллион болды. Оқырмандар сіздің оқиғаныңызды қалай бағалайды, соған байланысты. Келіссіз бе? – дегенде Асқар селк ете қалды. Көз алдына бірден өтелген қарыздар келе қалды. Ол жауап орнына асығыс басын ізей салды да, жадын сатуға арналған төсекке асығып барып, жатып алды.

Басына салқын датчиктер жабыстырылды. Бір сәтке әлем айналып кеткендей болды. Астананың суық желі, Әйгерімнің соңғы рет қараған мұңлы жанары, «кешір» деп айта алмаған сөзі – бәрі, бәрі бір сәтте жарқ етті де, сөніп қалды.

Асқар келесі күні таңмен жарысып ояғанда кеудесін басып тұратын созылмалы ауырлықтың ғайып болғанын сезді. Тынысы кеңіп, өкпесіне толған ауа бұрынғыдай өңешін қарымай, мамықтай жеңіл тиді. Ол кешегі күнді есіне түсіргісі келді. Бірақ... есіне «келіссіз бе?» деген ғана ой келді. Орнынан атып тұрып, қалтасын қарады. Бос.

«Алдандым, өзім де іштей «мошенниктер» деп ойлап едім ғой... Ой, екинді! Кеше немді саттым» - деп, киімін киіп «Мпелос» орталығына бет алмақшы болған. Телефонны шыр етіп оны райынан қайтарды, хабарлама: «Сіздің шотыңыз екі миллион жеті жүз мың теңгеммен толықты». Асқар айнадағы бейнесіне көзі түскенде, ішіндегі беймәлім бір қуаттың сыртқа телкенин сезді. Тұла бойы жеңілдеп кеткені сонша – еденге табаны тимей, бөлме ішінде еріксіз секіріп, бейберекет қимылдар жасай бастады. Телефонның қайта-қайта ашып қарады. Өмірі шотына мұндай көлемде ақша түспеген. Қуанышы ішіне сыймай жарылардай болды.

- Асқар, аш есікті! Я тебья слыш... Сволочь неме! – дегенінше болған жоқ, есік ашылды.

- Зина алай, сәлеметсіз бе?! Сізге қанша қарыз едім?

- Өткен ай мен осы ай үшін... примерно, екі жүз алпыс мыңдай – деп, пәтер иесі сасқалақтап қалды.

- Сізге перевод жіберсем бола ма?!

- Жоқ, не надо! Налоговой тексеріп қалса

- Стой, ладно бог с тобой! Жібер! - Келтірген ыңғайсыздығым үшін, бонуспен үш жүз мың теңге жібердім! Жете ме?

- А, спасибо... Спасибо, мое солнышко! Сенің осындай адам екеніңді білгем – деп мақтауын асырып, - Прости за беспокойство в столь ранний час – деп, есікті өзі байыппен жауып кете барды.

Телефонын қолына алып, кредит тарихын ашып, түймешені басқан сайын экрандағы қарыз тізімі сызылып, Асқардың иығынан ауыр жүгі түсіп жатқандай жеңілдеп сала берді.

Бір күндік табысы сегіз кредитін толық жабуға жетті. Қалған жетеуі «бізден қашан құтыласың» дегендей тізіліп қарап тұрды. Телефонның қойып, бетін жууға беталғаны сол еді. Қолға үйренген сөбідей төсекке жатызғанды ұнатпай шыр етіп, телефоны безілдеп құя берді.

- Тыңдап тұрмын!
- Асқар Таубайұлы, қайырлы күн. Мен сізге «Мпелос» орталығынан қоңырау соғып тұрмын. Кешегі қойған лотымыз топ жарып үш миллион теңгеге сатылды. Сатып алушылар сізден тағы

да естелік талап етуде. Біздің орталыққа келу жоспарыңыз бар ма?!

- Иә, өзім де соны жоспарлар отыр едім, – деді сасқалақтап. - Үздік естелік сатушы ретінде сізге көлік жібереміз, есік алдында күтіп тұрады.
- Жақсы, қазір бес минутта шығамын, – деп тұтқаны қойып, сырт киімін киіп шығып кетті.

Пәтер алдында тұрған қара түсті, терезелері қап-қара су жаңа жол талғамайтын көлік Асқарды ханзада көргендей күтіп алды. Есігін ақ қолғап киген жүргізуші ашып бергенде, өзін облыстың әкіміндей сезініп, кеудесімен аспан тіреуге шақ қалды. Кеше ғана пәтер иесінен тығылып, тоңазытқыштағы жалғыз жұмыртқаға қарап отырған сорлы жігіт бүгін қаланың ең қымбат қонағына айналғандай.

«Мпелос» орталығына жеткенше ол терезеден сыртқа қарап отырды. Бір қызығы, Астананың сол баяғы таныс көшелері енді оған ештеңе айтпайтын болған. Бұрын осы саябақтың тұсынан өткенде кеудесінің сол жағы бүлк етіп, тамағына өкініш кептелетін. Ал қазір... қазір талай естеліктерді ішіне сыйдырған, шетінде әлі күнге шейін «Асқар+Әйгерім» деген жазуы бар орындықтың өзі де жай ғана суық темірге айналғандай... Саябақтар былай тұрсын, ол «Әйгерім» деген есімнің өзін ұмытқан. Есесіне, телефондағы банк қосымшасындағы азайған қарыздар көңілін көтеріп тұр.

Орталықтың табалдырығын атағанда, баяғы ақ халатты қыз оны күлімсіреп қарсы алды. Бұл жолы оның жанарында іскерлікке тән ұшқын бар еді.

- Қош келдіңіз, Асқар Таубайұлы! Сіздің «Жауапсыз махаббат» топтамасындағы естелігіңіз нағыз хитке айналды. Біздің клиенттер мұндай шынайы өкініш пен мұңды бұрын-соңды көрмегенін айтады. Тағы не ұсына аласыз?

Асқар креслоға жайғасты. Енді ол анкета толтырып ауре болған жоқ. Сөйлеу манерасы да мініп келген көліктей, қымбаттай түсіпті:

- Маған кредиттерді жабу үшін тағы ақша керек. Және жай ғана жабу емес, жаңа өмір бастау үшін... – деді ол нық дауыспен маңғазданып. – Менде балалық шағымнан қалған естеліктер көп. Әкемің алғаш рет велосипед елгеріні, ауылдағы атамның айтқан ертегілері...

- Жоқ, Асқар мырза, – деп қыз оның сөзін бөліп жіберді. - Олар - «арзан тауарлар». Нарыққа қазір драма керек. Трагедия керек. Мәселен, сатып алушылар кейіпкердің қиналғанын көбірек жақсы көреді. Кеше, сіздің естелігіңіздің анонсын оқып, талас болғанын көрсеніз ғой. Керемет, болды. Біздің кейіпкерлер кинолудың не екенін білмесе, сатып алушылар ол естелік үшін таласпайды. Тіпті, ол лот мүлде өтпей қалуы мүмкін.

Асқар сәл ойланып қалды. Сосын таңдайын таңқ еткізіп бір қақты да:

- Онда... анамын қаза болған сәтін ше? Сол кездегі жалғыздық, дерменсіздік... Ол менің ішімдегі ең ауыр жара.

Қыздың сауақтары пернетақтада жылдам қозғалды.

- Міне, бұл тақырып, оқырманды қызықтырады! Бұл үшін біз бастапқы бағаны үш миллионнан бастасақ қалай қарайсыз? Сізді кешеден бері біздің тұтынушылар танып қалды. Сұраныс жоғары болады деп сенемін.

- Тіпті керемет болушы еді! - Есіңізге сала кетейін. Жаңа келісімшартқа қол қоясыз. Бұл жолы біздің жарна өткен қолғап дай оң пайыз болмайды.

- Сонда қанша болады?
- Жыырма пайыз...

- Ой, ол да сөз болып па?! Келістік!

Тағы да басына суық датчиктер жабыстырылды. Тағы да сол та-

ныс гүл. Асқардың көз алдынан анасының мейірімді жүзі, соңғы демі, аурухананың дәлізіндегі суық қабырғалар зымырап өтіп жатты. Бір сәтке өзегі өртеніп, өкіріп жылағысы келді де, кенет бәрі сөніп қалды. Жым-жырт. Операциядан соң үйінде ояңды. Телефонна хабарлама келді. «Сіздің лотыңыз, алғашқы қойылған бағаға ғана өтті. Счетыңызға екі миллион алты жүз мың теңге жіберілді».

- Оның, өзін кім береді?! – деп, банк қосымшасын ашып қалған кредиттерді тізімінен шығып, - Енді, тағы қандай естелік сатсам болады екен?! Қашанға пәтер жалдап тұрамын, қаланың қақ ортасынан үлкен пәтер сатып алайын – деп, шешім шығарып. Көлік жібермей-ақ орталық есігін өзі ашып барды. ***

Енді сволощь Асқар, бүгінде Асқар Таубайұлы! Үстіне киетіні қымбат костюм, жейтіні қаланың ең сәулетті мейрамханасында дайындалған ас, жүретін такси – комфорт плюс. Бірақ... бір нәрсе жетіспейтіндей. Ол өткенін есіне түсірмек болды. Әкесі елгері велосипед, атасы айтатын ертегілер, анасының айтатын бесік жыры, алғашқы махаббаты бірде бірі есінде жоқ. Қазір алғанда аспаннан аяғы салбырап түскендей, тіпті пәтерін жалға беретін Зина апай да есінде жоқ.

Енді оның банктегі есебіндегі цифрлар оны әлемнің ең бақытлы адамы етуі тиіс еді. Бірақ ол бақытты сезіне алмайтын. Көкірек тұсындағы бұрын жаны мен тәнін жалғап тұратын алтын көпір үзіліп кеткендей. Ол – қымбат костюм киген, қымбат үйде тұратын ішіндегі тіршілік иесі әлдеқашан ұшып кеткен мүсінге айналды.

Бір күні кешкісін оның есігі тағы қағылды. Бірақ бұл жолы пәтер иесі немесе коллектор емес еді. Есік алдында өзінен айнымайтын ер адам тұрды.

- Сен кімсің? – деді Асқар таңырқап. Бейтаныс адам ақырын жымыды.
- Мен – сенің Әйгерімге деген махаббатыңмын. Мен – анаңның қазасындағы көз жасыңмын. Мен – сенің балалық шағыңмың. Мен – сенің «Мпелос»-қа сатып жіберген жадының сатып алушысымын.

- Сөзіңізді ұқсам бұйырмасын! - Әрине, ұқпайсың. Себебі, мен сенің барлық естеліктеріңді сатып алушымын!

- Сонда қалай?
- Себебі, мен сенмін! Ал, сен қазір, ақша толған мешкей ғана-сың?! Менде сенің бүкіл сезімің бар, ал сенде – тек қағаз ақшар, сенің жаның жоқ. Қарашы, Асқар, сенің айнадағы бейнең де сұрланып барады.

Бейтаныс адам рұқсатсыз пәтерге кіріп, төрге жайғасты.
- Саған, өмірің ұнамағаны үшін, сен оны ақшаға саттың ғой, солай ғой, иә?! Олай болса, мен саған соңғы ұсыныс жасауға келдім. Қоңырау дауысы естілді. Есікті ашса, алдында ақ халатты қыз тұр. Оның қолында жаңа келісімшарт.

- Асқар Таубайұлы, – деді ол суық дауыспен. – Сатып алушы жаңа Асқар Таубайұлы сіздің соңғы лотыңызды, - «Тұлғалық бейнеңізді», сатуыңызды сұрайды. Бағасы – қалаған сомаңыз. Бұл жолы орталық сізден жарна алмайды.

Асқар қолындағы қаламға қарады. Төртегі жаңа Асқар отыр.

- Онысыз да бәрін сатып жібердің ғой, миллиардтар сұра да, сатып жібер.
Ақшаң болса қалтаңда, талтандасаң талтаңда! Қазіргі пластик шеберлердің арқасында, қаласаң Тәуекел Мүслімнің де бейнесін жасатып алсаң болады. Сат! Сат! Сат! – дегенге ақ халаттағы қыз да қосылып, екі жақтап – Сат! Сат! Сат! – деп жамырады. Асқардың көз алдындағы өлем ескі теледидардың экранындай жыпылықтап, түстері қаша бастады.

ADEBIPORTAL.KZ

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Жазғы кезеңде су айдындарымен байланысты демалыс және демалыс кезеңі жалғасады.

Су қоймасының түріне қарамастан, теңіз, өзен, көл немесе тоған болсын, әр адам біліуі және қатаң сақтауы керек.

Таңертең немесе кешке күн жылы болған кезде шомылған дұрыс.

Судың температурасы 18-19 градустан, ауа температурасы +20 +25 градустан төмен болмауы керек.

Шомылудың ұзақтығы ауа мен судың температурасына, ауаның ылғалдылығына және желдің күшіне байланысты.

Шомылудың ең қолайлы шарттары - ашық, тыныш ауа-райы, ауа температурасы +25 және одан да жоғары. Адам суда ұзақ уақыт болғанда және гипотермиямен конвульсиялар пайда болуы мүмкін.

Демалу орындары мен жазғы шомылу орындарында, бассейндерде қарапайым халық не білуі қажет. Шомылуда арналмаған жерлерге суға түсуге болмайды.

Тамақ ішкеннен кейін бірден суға түсуге болмайды. Бір-бір жарым сағат өту керек. Тым суық суға түсуге болмайды. Күн соққысының (бастан күн

өту) алдын алу мақсатында бас киімді пайдаланып, шаптыр немесе қолшатыр астында отырған дұрыс.

Кене шағу мен шыбын-шіркейдің алдын алу үшін арнайы құралдарды (репелленттерді) қолданып, киімді дұрыстап, мұқият киюді қадағалау, теріні визуалды тексеріп, ішек инфекциясының алдын-алу үшін жеке гигиенаны сақтап, өзіңізбен бірге үнемі бөтелкедегі су, жуылған жемістер мен көкөністерді жеуіңіз керек.

Сонымен қатар суға шомылуға барған объектілеріңіздің санитариялық-эпидемиологиялық қызметтен рұқсаты бар, санитариялық талаптарының сақталуына назар аударғандарыңыз жөн. Шомылудан кейін жағымсыз салдардың алдын алу үшін қарапайым жеке гигиена ережелерін сақтау керек: мүмкіндігінше тезірек гигиеналық душ қабылдаңыз, ешқандай жағдайда су қоймаларынан су ішпеңіз.

Суға түсу және демалу үшін шомылуға рұқсат етілген аймақтарды ғана таңдаңыз, белгіленбеген орындарда шомылмаңыз!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ЖАС ҰРПАҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

«Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ»

Халық даналығы

Сөзіміңізді басымда экология ұғымын қысқаша түсіндіріп өтейін. Экология – бұл қарапайым тілмен айтқанда тірі ағзалардың яғни, адамдардың, жануарлардың, өсімдіктердің өзара байланысын зерттейтін ғылым. Экология ұғымы табиғаттағы тепе-теңдікті сақтаудың маңызын түсіндіреді. Экологиялық тепе-теңдік сақталмаса, табиғатқа және адам өміріне қауіп төнеді. Соңғы жылдары адамзат әрекеті табиғатқа айтарлықтай әсер етуде. Өнеркәсіп орындарының, зауыттардың шығындылары, көлік түтіндері ауаны ластайды, пластик құтылар мен пакеттер, тұрмыстық қалдықтар суды ластайды, ал қатты қоқыс, шыны мен металл қалдықтары, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтер жерлі ластайды, мұндай ластаған ауа, жер, су адамдардың денсаулықтарына, жануарлардың өмір сүруіне, өсімдіктердің өсуіне заттар зиянын тигізбей қоймайды. Осындай салғырттықтар алдағы уақытта орын алмасын, өскелең ұрпақ бірін бірінен деген мақсатпен Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Жасыл өлемге саяхат» атты экологиялық викторина шарасы өтті. Шараға №8 мектеп «Bloom Kids» жазғы лагерінен Әлия Батырбекқызы мен Айғаным Аққұбашқызы жетекшілік ететін 2 топтан тұратын «Айгөлек» және «Балдырған» тобынан 41 бала қатысты. Шарада балалар белсене қатысып, викториналық сұрақтарға жауап берді, түрлі қызықты ойындар ойнап, қоршаған ортаны қорғаудың жолдары

жөнінде ақпарат алды. Бұл шара арқылы балалар экологияның негізгі ұғымдарын түсініп, табиғатты сақтау қаншалықты маңызды екенін түсінді деген ойдамын. Сонымен қатар шара барысында «Табиғат – біздің ортақ үйіміз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қойылған кітаптар балаларды өзара байланысын зерттейтін ғылым. Экология ұғымы табиғаттағы тепе-теңдікті сақтаудың маңызын түсіндіреді. Экологиялық тепе-теңдік сақталмаса, табиғатқа және адам өміріне қауіп төнеді. Соңғы жылдары адамзат әрекеті табиғатқа айтарлықтай әсер етуде. Өнеркәсіп орындарының, зауыттардың шығындылары, көлік түтіндері ауаны ластайды, пластик құтылар мен пакеттер, тұрмыстық қалдықтар суды ластайды, ал қатты қоқыс, шыны мен металл қалдықтары, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтер жерлі ластайды, мұндай ластаған ауа, жер, су адамдардың денсаулықтарына, жануарлардың өмір сүруіне, өсімдіктердің өсуіне заттар зиянын тигізбей қоймайды. Осындай салғырттықтар алдағы уақытта орын алмасын, өскелең ұрпақ бірін бірінен деген мақсатпен Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Жасыл өлемге саяхат» атты экологиялық викторина шарасы өтті. Шараға №8 мектеп «Bloom Kids» жазғы лагерінен Әлия Батырбекқызы мен Айғаным Аққұбашқызы жетекшілік ететін 2 топтан тұратын «Айгөлек» және «Балдырған» тобынан 41 бала қатысты. Шарада балалар белсене қатысып, викториналық сұрақтарға жауап берді, түрлі қызықты ойындар ойнап, қоршаған ортаны қорғаудың жолдары

жөнінде ақпарат алды. Бұл шара арқылы балалар экологияның негізгі ұғымдарын түсініп, табиғатты сақтау қаншалықты маңызды екенін түсінді деген ойдамын. Сонымен қатар шара барысында «Табиғат – біздің ортақ үйіміз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қойылған кітаптар балаларды өзара байланысын зерттейтін ғылым. Экология ұғымы табиғаттағы тепе-теңдікті сақтаудың маңызын түсіндіреді. Экологиялық тепе-теңдік сақталмаса, табиғатқа және адам өміріне қауіп төнеді. Соңғы жылдары адамзат әрекеті табиғатқа айтарлықтай әсер етуде. Өнеркәсіп орындарының, зауыттардың шығындылары, көлік түтіндері ауаны ластайды, пластик құтылар мен пакеттер, тұрмыстық қалдықтар суды ластайды, ал қатты қоқыс, шыны мен металл қалдықтары, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтер жерлі ластайды, мұндай ластаған ауа, жер, су адамдардың денсаулықтарына, жануарлардың өмір сүруіне, өсімдіктердің өсуіне заттар зиянын тигізбей қоймайды. Осындай салғырттықтар алдағы уақытта орын алмасын, өскелең ұрпақ бірін бірінен деген мақсатпен Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Жасыл өлемге саяхат» атты экологиялық викторина шарасы өтті. Шараға №8 мектеп «Bloom Kids» жазғы лагерінен Әлия Батырбекқызы мен Айғаным Аққұбашқызы жетекшілік ететін 2 топтан тұратын «Айгөлек» және «Балдырған» тобынан 41 бала қатысты. Шарада балалар белсене қатысып, викториналық сұрақтарға жауап берді, түрлі қызықты ойындар ойнап, қоршаған ортаны қорғаудың жолдары

жөнінде ақпарат алды. Бұл шара арқылы балалар экологияның негізгі ұғымдарын түсініп, табиғатты сақтау қаншалықты маңызды екенін түсінді деген ойдамын. Сонымен қатар шара барысында «Табиғат – біздің ортақ үйіміз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қойылған кітаптар балаларды өзара байланысын зерттейтін ғылым. Экология ұғымы табиғаттағы тепе-теңдікті сақтаудың маңызын түсіндіреді. Экологиялық тепе-теңдік сақталмаса, табиғатқа және адам өміріне қауіп төнеді. Соңғы жылдары адамзат әрекеті табиғатқа айтарлықтай әсер етуде. Өнеркәсіп орындарының, зауыттардың шығындылары, көлік түтіндері ауаны ластайды, пластик құтылар мен пакеттер, тұрмыстық қалдықтар суды ластайды, ал қатты қоқыс, шыны мен металл қалдықтары, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтер жерлі ластайды, мұндай ластаған ауа, жер, су адамдардың денсаулықтарына, жануарлардың өмір сүруіне, өсімдіктердің өсуіне заттар зиянын тигізбей қоймайды. Осындай салғырттықтар алдағы уақытта орын алмасын, өскелең ұрпақ бірін бірінен деген мақсатпен Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Жасыл өлемге саяхат» атты экологиялық викторина шарасы өтті. Шараға №8 мектеп «Bloom Kids» жазғы лагерінен Әлия Батырбекқызы мен Айғаным Аққұбашқызы жетекшілік ететін 2 топтан тұратын «Айгөлек» және «Балдырған» тобынан 41 бала қатысты. Шарада балалар белсене қатысып, викториналық сұрақтарға жауап берді, түрлі қызықты ойындар ойнап, қоршаған ортаны қорғаудың жолдары

СПАРТАКИАДА

ЖҮЛДЕЛЕРДІ БӨЛІСКЕНІМЕН КУБОК КӨПТОҒАЙДА

БИЫЛ АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗҒЫ АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ ДАҢҚТЫ ТАРЫШЫ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВТИҢ ТУҒАНЫНА 145 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. АУЫЛ ЖАСТАРЫ ҮШІН МЕРЕКЕЛІК МАҢЫЗҒА ИЕ СПАРТАКИАДАНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ҚАТЫСЫП, СПОРТШЫЛАРҒА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ.



Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту, ауыл тұрғындарының, жастардың денсаулығын шыңдау, бос уақыттарын мәнді өткізу мақсатындағы спартакиада 11 спорт түрі (волейбол, шағын футбол, тоғызқұмалақ, қазақ күресі, асық ату мен бес асық, дәстүрлі садақ ату, үстел теннисі, жүзу, аударыспақ, қол күрес, гир спорты) бойынша ұйымдастырылды.

Осы спорт түрлері бойынша өткен жарысқа 8 команда қатынасып, 300 - ге жуық спортшы қамтылды. Ойыл, Қайыңды, Кемер, Саралжын, Ш.Берсиев, Көптоғай, Сарбие, Қараой ауылдары қатынасты. Волейбол, шағын футболдан өткен ақтық ойындар тартысты өтіп, көрермендер көңілінен шықты. Он спорт түрінен өткен жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есеп бойынша Көптоғай ауылдық округі командасы 221 ұпай жинап I орынға ие болып, ауыспалы кубокты жеңіп алды. 215 ұпаймен II орынды Ойыл ауылдық округі командасы, 198 ұпай жинап III орынды Саралжын ауылдық округі командасы ие болды.

Шағын Футболдан I орын Сарбие ауылдық округі, II орын Ойыл ауылдық округі, III орын Қараой ауылдық округі командасы иеленді. Волейбол сайысында (ер) III орын Ш.Берсиев ауылдық округі командасы, II орын Ойыл ауылдық округі, I орынды жеңіп алған Саралжын ауылдық округі командасы ие болды.

Волейбол сайысында (қыз) III орын Кемер ауылы командасы, II орын Қайыңды ауылдық

салмақ дәрежесінде III орын Е. Досжанов (Ш.Берсиев), II орын Н.Демеуұлы (Сарбие), I орын Д. Қабуахит (Ойыл). 66 келі салмақ дәрежесінде III орын Ұ. Жұмағалиев (Қараой), II орын С. Асылханов (Көптоғай), I орын А. Демеуұлы (Сарбие). 74 келі салмақ дәрежесінде III орын С. Маликов (Кемер), II орын А. Атшыбай (Қараой), I орын Г.



Ибрайымов (Ш.Берсиев). 82 келі салмақ дәрежесінде III орын М. Махмутов (Қайыңды), II орын А. Шерниязов (Сарбие), I орын Б. Мырзағұллы (Көптоғай). + 90 келі салмақ дәрежесінде III орын Н. Жоламанов (Кемер), II орын С. Есенаманов (Қараой), I орын А. Ақдәулетұлы (Ш.Берсиев).

Қол күрес: 60 келі салмақ дәрежесінде III орын Н. Ықыласов (Кемер), II орын Ж. Аманжолов (Көптоғай), I орын Н. Абайұлы (Қараой). 70 келі салмақ дәрежесінде III орын Н. Қайыржан (Ш. Берсиев), II орын Б. Теңелбайұлы (Сар-

нов (Сарбие), I орын А. Ержан (Кемер).

Гир спорты: 60 келі салмақ дәрежесінде III орын Д. Дауабаев (Қараой), II орын Ж. Аманжолов (Көптоғай), I орын Сарсен Қуандық (Кемер). 70 келі салмақ дәрежесінде III орын Д. Көшбалаев (Кемер), II орын М. Шыңғысов (Қайыңды), I орын Н. Сәрсенғалиев (Көптоғай). 80 келі салмақ дәрежесінде III орын Б. Аманжолов (Қайыңды), II орын Б. Мырзағұллы (Көптоғай), I орын А. Балтабай (Ш.Берсиев). +95 келі салмақ дәрежесінде III орын З. Берғалиев (Ойыл), II орын А. Жабасов (Ш.Берсиев), I орын А. Төлепбергенов (Көптоғай).

Аударыспақ: 70 келі салмақ дәрежесінде III орын А. Әділханов (Қараой), II орын Б. Ауданбекұлы (Ш.Берсиев), I орын Қ. Ғұмаров (Көптоғай). 80 келі салмақ дәрежесінен жоғары III орын Н. Санатов (Ойыл), II орын А. Қабдрахиев (Сарбие), I орын Қ. Оңғарұлы (Көптоғай).

Дәстүрлі садақ ату: қыздар III орын І. Дүйсенғалиева (Кемер), II орын Д. Құрманғазина

(Қайыңды), I орын А. Болатова (Көптоғай). Ерлер: III орын Б. Шойын (Көптоғай), II орын Е. Сәрсенбаев (Ш. Берсиев), I орын Д. Дулатұлы (Ойыл).

Тоғызқұмалақ: ерлер III орын Қ. Сағынғанов (Ш.Берсиев), II орын Қ. Бердіғалиев (Ойыл), I орын Н. Арихов (Кемер).

Тоғызқұмалақ: қыздар III орын А. Болатова (Көптоғай), II орын М. Сейілханқызы (Кемер), I орын Г. Сырлыбаев (Ойыл).

Асық ату (ер): III орын С. Аманжолов (Қайыңды), II орын Ұ. Жұмағалиев (Қараой), I орын Ш. Есекенов (Ш.Берсиев).

Бес асық (қыз): III орын А. Болатова (Көптоғай), II орын Ш. Болатова (Қараой).

Үстел теннисі: ерлер III орын Н. Ешімов (Ойыл), II орын Н. Ильясов (Қайыңды), I орын Ә. Бірімғалиев (Көптоғай).

Үстел теннисі: қыздар III орын Р. Кулямбетова (Ойыл), II орын Ә. Әбдіқұлова (Сарбие), I орын А. Шаймерденова (Көптоғай).

Жүзу: ерлер III орын Ә. Жұмабаев (Кемер), II орын А. Қабдрахиев (Сарбие), I орын Д. Аманқосов (Ойыл).

Жүзу: қыздар III орын Ш. Бекболат (Сарбие), II орын Д. Құрманғазина (Қайыңды), I орын М. Досжанова (Көптоғай).

Ауыл спортшыларының жазғы аудандық спартакиада қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге жеке-кей спорт түрлерінен өткен жарыста ер спортшыға алқа тағып, мадақтан және Кемер аулы демеушілерінің қолдауымен қаржылай марапатталды.



округі, I орынды жеңіп алған Қараой ауылдық округі командасы.

Қазақ күресі: 55 келі салмақ дәрежесінде III орын Е. Жандау (Сарбие), II орын Шыңғысов Бейбіт (Қайыңды), I орын Д. Қабуахит (Ойыл). 60 келі

бие), I орын Ш. Кенжебай (Қараой). 80 келі салмақ дәрежесінде III орын А. Бисенғалиев (Сарбие), II орын Н. Кәкімжанов (Ойыл), I орын Е. Теңел (Кемер). +90 келі салмақ дәрежесінде III орын Б. Күсембаев (Қайыңды), II орын Ш. Хасе-

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ ОРАЙ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «ӨМІРГЕ ҮМІТ СЫЙЛАҒАН ЖАНДАР» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ. АДАМ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫН SAҚTAУДЫ БASTы MІNDET ETKEN AҚ XAЛATTY ABZAL JAHДAPҒA APHАЛҒAN MEPEKELİK KЕШKE ДЕНСАУЛЫҚ SAҚTAУ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, APДАҒEPЛEP ЖЕKE АУДАН ТҰРҒЫНДАPЫ ҚАТЫCTЫ.



Шара барысында медицина мамандарының қоғамдағы орны мен жауапкершілігі ерекше атап өтілді. Себебі дәрігер мамандығы - тек кәсіп ғана емес, адам өміріне араша болып, халық денсаулығын сақтауға бағытталған үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін мамандық. Күн сайын тұрғындардың саулығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген медицина қызметкерлерінің еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Салтанатты жиында аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы сөз сөйлеп, медицина саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Өз сөзінде аудан басшысы халық денсаулығын сақтау жолында еңбек етіп жүрген мамандарға алғысын білдіріп, олардың ауданның әлеуметтік дамуына қосып отырған үлесін жоғары бағалады. Сондай-ақ аудандық аурухананың бас дәрігері Алпат Байдуллаев әріптестеріне ізгі тілегін арнап, сала мамандарының күнделікті еңбегі мен кәсіби жауапкершілігіне тоқталды.

Мерекелік шара барысында денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосып, өз міндеттерін жоғары деңгейде атқарып жүрген бірқатар медицина қызметкерлері марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, «Денсаулық саласындағы еселі еңбегі үшін» төсбелгісімен Ойыл аудандық ауруханасының оташылар бөлімшесінің меңгерушісі Қаныш Атағалиев пен терапия бөлімшесінің меңгерушісі Гүлхан Қабдрахманова наградалды. Ал «Мейірім» төсбелгісі аудандық аурухананың оташылар кабинетінің мейірбикесі Рита Бекетаеваға табысталды.

Сонымен қатар Ақтөбе денсаулық сақтау кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сабыр Қанатұлының Алғыс хатымен аудандық аурухананың медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Нұрбану Арыстанова, жалпы тәжірибелі дәрігер Маханбет Елекеев, аймақтық мейірбикелер Гүлмира Тойлыбаева мен Дана Ерғалиева, Амангелді

орта мектебінің мейірбикесі Алмажай Өзбекова, жедел жәрдем жүргізуші Сапар Қисықов және дәріхана операторы Асылжан Әбіл марапатталды.

Бұдан бөлек, мерекелік кеште денсаулық сақтау саласының өркендеуіне үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлерге аудандағы мекеме басшылары Алғыс хаттары мен естелік сыйлықтарын табыс етті.

Қай кезеңде болмасын медицина қызметкерлері халықпен бірге болып келеді. Әсіресе денсаулыққа қауіп төнген қиын сәттерде дәрігерлер мен мейірбикелердің еңбегі ерекше бағаланады. Адам өміріне араша түсіп, науқастың сауығып кетуіне бар күш-жігерін жұмсайтын мамандардың қызметі үлкен құрметке лайық. Сондықтан кәсіби мереке - олардың еңбегін елеп, алғыс білдірудің маңызды белгісі. Кеш соңы аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

ЕГЕМЕНДІК АЛҒАН ЖЫЛДАРДЫҢ ІШІНДЕ ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНДА ТҮБЕГЕЙЛІ ОҢТАЙЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛЫП КЕЛЕДІ. СОНЫҢ ІШІНДЕ, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ ЖАСАЛДЫ.

Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі.

Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жекеше түрде олардың құқықтары мен бостандықтарын заңдылықтарға сәйкес іске асырады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Бүгінгі таңда қызмет алушылардың құқықтарын қорғау және қалпына келтіру Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің тарапынан жүзеге асырылады. Агенттіктің Ақтөбе облысы бойынша департаменті өңір тұрғындарының сапалы әрі уақытылы мемлекеттік қызмет алуын қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қадағалау жұмыстары — жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, сұрау салу, байқау, қашықтықтан бақылау шаралары, сондай-ақ Telegram-бот арқылы және өзге де байланыс арналары арқылы келіп түскен өтініштер өзге де жүзеге асырылады. Әрбір өтініш жан-жақты қаралып, заңнама талаптарының сақталуы мұқият тексеріледі. Аталмыш бағыттағы жұмы-



стар аясында Департаменттің жүргізген байқау арқылы тексеріс кезінде «Ақтөбе қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу кезінде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі бойынша кемшіліктер анықталған. Аталған заңбұзушылыққа байланысты қызмет алушылардың құқығы заңнамаға сәйкес қалпына келтірілді.

2026 жылдың 1-тоқсанында жалпы 650 қызмет алушының құқығы қалпына келтірілген. Оның ішінде жоспарлы тексеру бойынша – 151, жоспардан тыс тексеру аясында – 7, байқау аясында – 483 және сұрау салу арқылы – 9 құқық қалпына келтірілген. Әрбір факт бойынша жауапты мемлекеттік органдарға тиісті ұсы-

нымдар жолданып, заңнама талаптарын қалпына келтіру жөнінде нақты шаралар қабылданды. Сонымен қатар, алдағы уақытта мұндай құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында жауапты бөлімдерге түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ішкі бақылау тетіктерін күшейту тапсырылды.

Мұндай жұмыстар мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға, ашықтық пен заңдылық қағидаттарын нығайтуға бағытталған. Департамент алдағы уақытта да азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заң бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстарын жалғастыра бермек.

Еңлік ДӨКЕН, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.